
**СЕМИНАР ТАҚЫРЫБЫ:
«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ
АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН КРИТЕРИАЛДЫ
БАҒАЛАУ ТАЛАБЫ»**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 31.10.2024 № 321) бұйрығымен енгізілген өзгерістерге байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен таныстыру семинары **«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериалды бағалау талабы»** .

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

модерация – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі;

оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық аттестаттау жүргізудің тәртібі.

1-сыныптың бірінші жартыжылдығында оқу материалын меңгеру деңгейіне баға қойылмайды.

4. 1-11 (12)-сыныптардың білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағасы тоқсандық (жартыжылдық) бағалардың негізінде қойылады.

5-11 (12) сыныптардың білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды бағасы тоқсандық, жылдық және емтихан бағаларының негізінде қойылады. Тоқсандық, жартыжылдық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

5. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз бағалары бар 2-4-сыныптардың білім алушылары үшін ауызша, жазбаша немесе тест тапсырмалары нысанындағы бақылау жұмыстары қайта ұйымдастырылады. Бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша "3", "4", "5" деген бағаларын алған білім алушылар келесі сыныпқа көшіріледі.

6. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз бағалары бар 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары аралық аттестаттауға жіберіледі. Үш немесе одан да көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалары бар 2-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары аралық аттестаттауға жіберілмейді, қайта оқу жылына қалдырылады. 1-сынып білім алушылары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдары және ата-аналардың немесе баланың заңды өкілдерінің келісімі бойынша қалдырылған білім алушыларды қоспағанда, қайта оқу жылына қалдырылмайды.


7. 5-8 (9), 10 (11) сыныптардағы білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 31 мамырға дейін жүргізіледі. Аралық аттестаттау оқу пәндерінің тізбесі (екіден артық емес), нысандары мен өткізу мерзімдері білім беру ұйымының мектептің педагогикалық кеңесінің (бұдан әрі – педагогикалық кеңес) шешімімен белгіленеді.

8. Бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз қорытынды бағалары бар 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары осы пәндер бойынша қайта аралық аттестаттаудан өтеді. Жазғы каникул кезеңінде осы білім алушыларға тиісті пәндер бойынша оқу тапсырмалары беріледі.

9. Қайта аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 3 аптадан соң жүргізіледі. Қайта аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған жағдайда, білім алушылар қайта оқу жылына қалдырылады.

10. 2-8 (9), 10 (11) сыныптардан келесі сыныпқа барлық оқу пәндері бойынша жылдық және қорытынды бағалары "3", "4", "5" болған білім алушылар көшіріледі.

11. Барлық оқу пәндері бойынша жылдық бағалары "5" болған 5-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушылары келесі сыныпқа емтихансыз көшіріледі.

A photograph of a desk setup. On the left, a silver fountain pen with a textured grip lies diagonally across a white sheet of paper. Above it is a small, dark inkwell with a white label. To the right, an open spiral-bound notebook with a silver metal binding is visible. The right page of the notebook is blank and features red text. The background is a light-colored surface.

***Критериалды
бағалау
түсінігі,
қызметі мен
міндеттері***

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ТҮСІНІГІ

- ✦ **Критериалдық бағалау** – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс..



Критериалды бағалау қағидалары

- Бағалау мақсаты кім жақсы, кім нашар екенін анықтау емес, әркімнің жоғары нәтижеге жетуіне жағдай жасау.
- Бағалау «жоспарлау-оқыту-бағалау» үдерісінің ажырамас бөлігі.
- Бағалаушы мен бағаланушы бағалау шарттары мен критерийлерін алдын ала білуі және айқын түсінуі керек.
- Даму мен жетістіктер туралы нақты ақпарат алу үшін бағалау шарттары мен критерийлері алуан түрлі болуы керек.
- Бағалау үдерісінің басты кезеңі бағалаушы мен бағаланушы арасындағы кері байланыс болып табылады.
- Мұғалім ғана емес, оқушы да жақын арада не жасау қажеттігін нақты түсінуі керек
- Өз қабілеттерін бағалауда оқушыға нақты ролдік үлгі керек.

Критериалды бағалау талаптары

1. Критериалды бағалау оқыту мақсаттарына негізделуі керек және оқыту үдерісінде мұғалім оқушылар назарын үнемі аударып отыруы керек.
2. Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктеріне бағыттала отырып, оқуды мақсатты, бағалауды ашық етеді.
3. Критериалды бағалау оқушыларға түсінікті болуы керек.
4. Критериалды бағалау барысында үштен артық емес критерий қолданылуы керек.
5. Бағалау критерийлері тексеру жұмыстарын орындаудан бұрын хабарлануы, түсіндірілуі керек.
6. Бағалау критерийлері мүмкіндігінше, оқушылармен бірге дайындалуы, жасалуы керек.

Критериалды бағалау маңызы

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы

Оқушылардың өздері емес, тек жұмыстары бағаланады;
Оқушы жұмысы оларға алдына ала белгілі дұрыс жасалған жұмыс үлгімен салыстырылады;
Оқушыларға белгілі, сол арқылы қиналмай есептеу жасай алатын және ата-анасына хабарлай алатын, бағашығарудың нақты алгоритмі бар;
Бағалау критерийлері оқу мақсаттарының нақты көрсеткіштері болғандықтан, не оқып игерілсе, тек сол ғана бағаланады

Критериалды бағалау пайдасы

Мұғалім үшін

Оқытудың сапалы нәтижелерін алуға мүмкіндік беретін бағалау критерийлерін жасауға;

Өз жұмысын талдау мен жоспарлау үшін жедел ақпарат алуға;

Оқытудың сапасын жақсартуға;

Әр оқушының жеке ерекшеліктері негізінде жеке оқу траекториясын құруға;

Бағалаудың әр түрлі құралдары мен амалдарын тиімді қолдануға;

Оқу бағдарламасы мазмұнын жетілдіру бойынша құнды ұсыныстар жасауға.

Критериалды бағалау туралы

Оқушы үшін

Өз түсінгендігін көрсету үшін түрлі оқыту стилдері және ойлау әрекеттері мен қабілеттерін пайдалану;
Табыс критерийі маңызын түсіну, нәтижені болжау үшін бағалау критерийлерін білу мен түсіну;
Өзін және өзгелерді бағалай отырып, рефлексия жасауға қатысу;
Өз білімін нақты мәселелерді шешу, түрлі көзқарастарды жеткізу, сыни ойлауын көрсету үшін пайдалану.

Ата-ана үшін

Баланың оқу деңгейі туралы дәлелдемелер алып отыру;
Баланың оқудағы ілгерілеуін қадағалау;
Оқу барысында балаға қолдау жасау.

Критериалды бағалау жүйесі

Бағалау функциялары:

- Мотивациялық
- Тәрбиелік
- Дамытушылық
- Түзетушілік
- Ақпараттық

Бағалау қағидалары

- Әділдігі
- Шынайылығы
- Жүйелілігі
- Көрнекілігі

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ҰҒЫМЫ

Критерий – (гректің *kriterion* – пікір айту құралы деген сөзінен шыққан) соның негізінде баға берілетін белгі, бір нәрсені анықтау немесе бағалау, пікір беру өлшемі ...

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ



- ✘ Анық, айқындылығымен;
- ✘ Жеке тұлға емес жұмысының бағалануымен;
- ✘ Бағаның әділдігімен
- ✘ Өзін бағалауға мүмкіндік берілуімен
- ✘ Кері байланыстың жүзеге асуымен
- ✘ Алдын ала ұсынылған бағалау шкаласымен ерекшеленеді.

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ (ПРИНЦИПТЕРІ)

- ✘ 1. *Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.* Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.
- ✘ 2. *Шынайылық, анықтық және валидтілік.* Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.
- ✘ 3. *Ашықтық және қолжетімділік.* Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.
- ✘ 4. *Үздіксіздік.* Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.
- ✘ 5. *Дамыту бағыты.* Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Критериалды бағалау жүйесі

Критериалды бағалау


Формативті (ағымдық, қалыптастырушы) бағалау

Сыныптағы күнделікті оқу барысында игерілетін білім мен біліктің ағымдық деңгейін анықтау. Формативті бағалау қорытынды бағаға әсер етпейді, бұл баланың білім игерудің бастапқы кезінде жиі болатын қателесуден қорықпауына ықпал етеді

Суммативті (қорытынды, жиынтық) бағалау


Оқу материаланың белгілі бір бөлігін (тарау, тақырып) аяқтағанда алынған білім мен қалыптасқан оқу дағдыларын деңгейін анықтау. Тексеру жұмыстары үшін қойылған суммативті бағалар белгілі бір кезеңдегі (тоқса, жыл) қорытынды бағаны шығару үшін негіз болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі





Критериалды бағалау құраушылары


Бағалау парағы-
Тақырып бойынша
өз білім білігін
өзі бағалау парағы



Бағалау тапсырмалары-
Сынақ, есеп, эссе,
тәжірибелік жұмыс, тест,
жоба қорғау және т.б



Рубрикатор –
Жетістіктерді көрсете отырып
бағалау критерийлері мазмұнын
тәтпіштеп сипаттау



Бағалау тапсырмаларының түрлері

**Сынақ, тест, бақылау
және тексеру
жұмыстары**

**Зерттеу, практикалық,
және зертханалық
жұмыстар**

**Шығарма, эссе,
баяндама,
хабарлама жасау**

**Әр түрлі тапсырмалар әр түрлі
құзыреттіліктерді қалыптастырады**

Критериалды бағалау маңызы

Бағаның әділдігіне
ықпал етеді

Бағалауды бәріне
түсінікті етеді

Білім беру сапасын
арттырады

Өз еңбегіне жауапты
болуға тәрбиелейді

Оқуға деген уәжді
арттырады

